

**Су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспарын және су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарын әзірлеу қағидасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 23 шілдедегі № 180-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 шілдеде № 36502 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 23-бабы 1-тармағының 23) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспарын және су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарын әзірлеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Су ресурстары және  
ирригация министрі*

*Н. Нуржигитов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және  
иригация министрі  
2025 жылғы 23 шілдедегі  
№ 180-НҚ Бұйрыққа  
1-қосымша

## **Су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспарын және су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарын әзірлеу қағидалары**

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспарын және су ресурстарын қорғау мен пайдалану жөніндегі бассейндік жоспарды әзірлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Су кодексінің (бұдан әрі – Кодекс ) 23-бабы 1-тармағының 23) тармақшасына сәйкес әзірленді және су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспарын, сондай-ақ су ресурстарын қорғау мен пайдалану жөніндегі бассейндік жоспарды әзірлеу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспары (бұдан әрі – бас жоспар) – су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында су ресурстарымен қамтамасыз етілу болжамдарына сүйене отырып, мақсаттарды, міндеттерді және тәсілдерді айқындайтын құжат;

2) су ресурстарын қорғау мен пайдалану жөніндегі бассейндік жоспар (бұдан әрі – бассейндік жоспар) – су объектілерін қорғауға, қоршаған ортаның, халықтың және экономиканың түрлі салаларының болашақтағы су ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ судың зиянды әсерінің алдын алуға және тиісті су шаруашылығы бассейнінің аумағында жасанды құрғақшылықтың туындауын болдырмауға бағытталған негізгі іс-шараларды айқындайтын құжат;

3) су шаруашылығы балансы – белгілі бір объект бойынша белгілі бір уақыт кезеңінде су ресурстарының бар-жоғы мен оларды пайдаланудың арақатынасын көрсететін құжат;

4) су пайдаланушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су пайдалану құқығына ие және оны жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

5) су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі – су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруды, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуді, мемлекеттік органдар қызметінің үйлестірілуін, халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды, стратегиялық және жедел шешімдер қабылдауды, сондай-ақ су пайдаланушылардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен оларды қамтамасыз ететін құралдардың ұйымдастырушылық жағынан реттелген жиынтығы;

6) трансшекаралық су объектілері – екі немесе одан да көп мемлекеттің шекарасын кесіп өтетін немесе сол шекараларда орналасқан жерүсті немесе жер асты су объектілері;

7) экологиялық ағын – өзен, көл және теңіз экожүйесін сақтау үшін табиғи ортада қалдырылуға тиіс өзен ағынының міндетті үлесі.

3. Бас және бассейндік жоспарлардың негізгі міндеті – осы жоспарлармен айқындалатын мақсаттарға, міндеттерге және нысаналы индикаторларға қол жеткізу жөніндегі мемлекеттік жоспарлау барысында басқарушылық шешімдер қабылдау құралдарын (шаралар, нәтижелерге қол жеткізу және міндеттерді шешу тәсілдері) қалыптастыру болып табылады.

## **2-тарау. Бас және бассейндік жоспарларды әзірлеу тәртібі**

4. Бас және бассейндік жоспарларды әзірлеу мынадай негіздерге сүйенеді:

1) экономика салалары, өңірлер және республика бойынша жалпы бөліністе қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективаға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына;

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бекітілген құжаттарына;

3) су қорының мемлекеттік есебінің деректеріне;

4) суды пайдалану және бұрудың ірілендірілген нормаларына;

5) Қазақстан Республикасы жасасқан трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық шарттардың ережелеріне (Бас және бассейндік жоспарлар қамтитын трансшекаралық су объектілері бойынша);

6) Қазақстан Республикасының Су кеңесі мен бассейндік кеңестердің ұсынымдарына;

7) су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекцияларының есептеріне;

8) су ресурстарын пайдаланғаны үшін бюджетке түскен салықтар мен төлемдер сомасы туралы мәліметтерге;

9) мемлекеттік статистика органдарының ресми статистикалық ақпаратына;

10) Ұлттық кеңістіктік деректер қорының материалдары мен деректеріне;

11) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстарды пайдалану туралы Ұлттық баяндамасының деректеріне;

12) Қазақстан Республикасының жерлерінің жай-күйі мен пайдаланылуы туралы деректерге;

13) осы өзен бассейнінің су жинау алабы мен су объектілерін зерттеу бойынша бұрын жүргізілген іздестіру және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне.

5. Бас және бассейндік жоспарларда су ресурстарын бағалау мен болжау мынадай деңгейлер бойынша жүзеге асырылады:

қазіргі деңгей (бас немесе бассейндік жоспар әзірленген жыл);

есептік деңгей (бас немесе бассейндік жоспар әзірленген жылдан бастап бес жыл);

орта мерзімді деңгей (бас немесе бассейндік жоспар әзірленген жылдан бастап он жыл);

ұзақ мерзімді деңгей (бас немесе бассейндік жоспар әзірленген жылдан бастап он бес жыл).

6. Бас және бассейндік жоспарларда су шаруашылығы есептері, сондай-ақ іс-шаралар мен оларды іске асыруға қажетті қаржы қаражаттарының болжанатын көлемдері осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген деңгейлер бойынша жүзеге асырылады.

7. Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін бас және бассейндік жоспарлардың құрамында сандық нысаналы индикаторлар көзделеді.

8. Бас және бассейндік жоспарларды әзірлеу мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

1) бірінші кезеңде су ресурстарын басқару мәселелерін айқындау және талдау үшін бастапқы ақпаратты жинау, бастапқы өңдеу және талдау жүргізіледі;

2) екінші кезеңде су ресурстарының болуы және оларды пайдалану бөлігінде мәселелер мен қатерлерді айқындау және олардың маңыздылығы дәрежесі бойынша жіктеу, сондай-ақ судың зиянды әсері қатерлерін болжау және бағалау жүзеге асырылады;

3) үшінші кезеңде жоспарлау кезеңі ішінде қол жеткізу мүмкіндігін бағалау арқылы негізгі мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар әзірленеді;

4) төртінші кезеңде белгіленген мақсаттар мен міндеттерге кезең-кезеңімен қол жеткізуге бағытталған су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларының жиынтығын (нұсқаларын) әзірлеу жүзеге асырылады;

5) бесінші кезеңде әзірленген су шаруашылығы және су қорғау іс-шаралары жиынтықтарының (нұсқаларының) әлеуметтік-экономикалық және экологиялық бағалануы жүргізіледі;

6) алтыншы кезеңде су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларының түпкілікті бағдарламасы таңдалады, оларды іске асыру кезеңдері айқындалады.

9. Бассейндік жоспар мыналарды қамтиды:

1) қазіргі және болжамды әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, экологиялық, климаттық және өзге де жағдайларды ескере отырып, су ресурстарының, оның ішінде трансшекаралық су ресурстарының бағалауы мен болжамы және оларды пайдалану.

2) тиісті бассейндің су шаруашылығы балансы;

3) экологиялық ағын көлемдері және су пайдалану бойынша перспективалық лимиттер;

4) трансшекаралық су объектілері мәселелерін шешу бойынша ұсыныстар;

5) су шаруашылығы құрылысжайларын және гидротехникалық құрылысжайларды жаңғырту жөніндегі шаралар;

6) су ресурстарын және баламалы су көздерін пайдаланудың орнықты тетігін дамыту жөніндегі шаралар;

7) жойылып кету қаупі төнген жерүсті су объектілерін қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар;

8) су мен құрғақшылықтың зиянды әсеріне ұшырайтын аумақтардың картасы, сондай-ақ олардың алдын алу жөніндегі шаралар;

9) су шаруашылығы құрылысжайларын және гидротехникалық құрылысжайларды салуға, жөндеуге, реконструкциялауға, сондай-ақ су объектілерін қорғауға және қалпына келтіруге арналған бюджет қаражатының шығындарын бағалау;

10) жерүсті және жерасты су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер мен салықтардың мөлшерін айқындау жөніндегі ұсыныстар;

11) шағын су объектілерін қорғау және қалпына келтіру жөніндегі кешенді іс-шаралар.

10. Бассейндік жоспар мынадай бағыттар бойынша іс-шараларды көздейді:

1) су шаруашылығы бассейнінің орнықты дамуының негізі ретінде экологиялық жүйелерді сақтау;

2) қолда бар ең озық технологияларды қолдану негізінде жерүсті және жерасты су ресурстарын үнемді әрі кешенді пайдалану;

3) экономиканың түрлі салаларында су ресурстарының қайтарымсыз шығындарын, сондай-ақ тазартылмаған сарқынды сулардың ағынды көлемдерін азайту;

4) сулардың зиянды әсерінің алдын алу және қолдан жасалған құрғақшылықты болдырмау.

11. Бассейндік жоспарлар он бес жылдық ұзақ мерзімді кезеңге әзірленеді және олардың әзірлеуі уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ғылыми,

ақпараттық-талдау ұйымдары арқылы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады (бұдан әрі – уәкілетті орган).

Бассейндік жоспарларды әзірлеу мерзімі екі жылдан аспауға тиіс.

12. Бассейндік жоспарды жаңарту бассейндік кеңестердің ұсынымдары мен ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

13. Бас жоспар бассейндік жоспарлар әзірлеу қорытындылары бойынша әзірленеді.

14. Бас жоспар мыналарды қамтиды:

1) қолда бар және болжаулы әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, экологиялық, климаттық және өзге де жағдайларды ескере отырып, соның ішінде трансшекаралық су ресурстарын қоса алғанда, су ресурстарын бағалау және болжау, сондай-ақ оларды пайдалану;

2) Қазақстан Республикасының су шаруашылығы балансы;

3) экономиканың салаларында суды пайдалану жөніндегі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық индикаторлар, оның ішінде судың экономикалық өнімділігі;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген индикаторларға қол жеткізуді ескере отырып, Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлауды одан әрі жүргізу үшін экологиялық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми негізделген тұжырымдар мен ұсынымдар;

5) су шаруашылығы құрылысжайларын және гидротехникалық құрылысжайларды салуға, жөндеуге, реконструкциялауға, сондай-ақ су объектілерін қорғауға және қалпына келтіруге арналған бюджет қаражатының шығындарын бағалау;

6) жерүсті және жерасты су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер мен салықтардың мөлшерін айқындау жөніндегі ұсыныстар;

7) шағын су объектілерін қорғау және қалпына келтіру жөніндегі кешенді іс-шаралар.

15. Бас жоспар он бес жылдық ұзақ мерзімді кезеңге әзірленеді және оның әзірленуі уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ғылыми, ақпараттық-талдамалық ұйымдары арқылы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бас жоспарды әзірлеу мерзімі екі жылдан аспайды.

16. Бас жоспардың сумен қамтамасыз етілуі жөніндегі болжамдар мен пайдалануға мүмкін болатын суларға қатысты тұжырымдары мен ұсынымдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

17. Бас жоспарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының Су кеңесі мен бассейндік кеңестерінің ұсынымдары мен ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

**1-параграф. Бірінші кезең. Су ресурстарын басқару мәселелерін айқындау және талдау үшін бастапқы ақпаратты жинау, бастапқы өңдеу және талдау**

18. Су объектілерінің жай-күйін, оларға әсер ететін негізгі табиғи-климаттық факторларды, су ресурстарының бар-жоғы мен қолжетімділігін, судың зиянды әсері мен құрғақшылық тудыратын оқиғалардың туындау ықтималдығын бағалау мақсатында қарастырылып отырған су шаруашылығы бассейнінің су жиналуы мен су объектілері бойынша мынадай физика-географиялық, гидрологиялық, гидрогеологиялық және гидрометеорологиялық ақпарат жиналады:

1) өзен бассейнінің жер бедері, топырағы, орман жамылғысы және ландшафттарының сипаттамалары (картографиялық материалдар, су ағындарының ұзындығы, түрлі деңгейдегі салалар бойынша су жиналатын алаңдардың ауданы, өзен желісінің тығыздығы, ормандылық, көлдермен қамтылуы, батпақтануы, топырақ түрлері және өзге де деректер);

2) су шаруашылығы бассейнінің метеорологиялық, гидрологиялық, гидрохимиялық және гидрогеологиялық зерттелу деңгейі (су объектілерінің жай-күйі көрсеткіштері бойынша жұмыс істеп тұрған бақылау пункттерінің желісі, бұрын болған бақылау пункттері, бақыланатын параметрлер, бақылаулардың ұзақтығы, жиілігі және мерзімдері туралы мәліметтер және өзге де деректер);

3) негізгі гидрологиялық және морфометриялық (жерүсті су объектілері үшін), сондай-ақ гидрогеологиялық (жерасты су объектілері үшін) сипаттамалар;

4) су объектілерінің гидрофизикалық, гидрохимиялық және гидробиологиялық сипаттамалары;

5) гидрометеорологиялық (климаттық) сипаттамалар (жауын-шашын, булану, температура, ылғалдылық);

6) гидротехникалық құрылысжайлар мен су шаруашылығы жүйелері бойынша деректер (техникалық паспорттар, пайдалану қағидалары).

19. Осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген жұмыстарды жүргізу үшін қарастырылып отырған су шаруашылығы бассейнінің аумағында орналасқан су объектілерінің тізбесі жасалады. Ұзындығы 10 километрден кем өзендер, ауданы 1 шаршы километрден кем көлдер мен тоғандар бұл тізбеге енгізілмейді.

20. Су объектілеріне антропогендік жүктеме деңгейін бағалау, шаруашылық қызмет нәтижесінде су объектілерінің ластану себептері мен көздерін айқындау, жерүсті және жерасты суларының сапасы бойынша нысаналы көрсеткіштер мен оларға қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды әзірлеу үшін келесі ақпарат жиналады:

1) ауызсумен жабдықтау үшін су ресурстарын алу және сарқынды суларды бұру сипаттамалары (ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын су объектілері, сарқынды суларды бұру бағыттары, елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің техникалық жай-күйі, суды алу мен сарқынды суларды бұрудың жыл ішіндегі таралуы мен серпіні, тәуліктік су тұтыну, сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі апаттар мен шығындар);

2) өнеркәсіп пен жылу энергетикасы үшін су ресурстарын алу және (немесе) пайдалану сипаттамалары (тұщы суды алу мен сарқынды суларды бұрудың жыл ішіндегі таралуы мен серпіні, суды айналмалы және (немесе) қайталама пайдалану көлемі, суды тұтыну және су бұрудың ірілендірілген нормалары, қолданылатын су үнемдеу технологиялары, жылу және электр энергиясын өндіру көлемдері);

3) ауыл шаруашылығы мұқтаждары үшін су ресурстарын алу сипаттамалары (егіншілік дақылдарының құрамы мен егіс алқаптарының аудандары, қолданылатын агротехника, тыңайтқыштар, пестицидтер мен улы химикаттарды пайдалану құрамы мен ауқымы, суармалы жерлердің ауданы, суару және дренаж технологиялары, суару үшін пайдаланылатын су объектілері, дренаждық сулардың құрамы, ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелер, мал шаруашылығы өнімдерінің түрлері мен өндіріс ауқымы, осы мақсаттарға су тұтыну көлемі, мал шаруашылығы қалдықтарын сақтау және кәдеге жарату көлемдері мен тәсілдері);

4) гидроэнергетика мақсатында су ресурстарын пайдалану сипаттамалары (электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын су объектілері, электр энергиясын өндіру көлемдері, гидроэнергетиканы дамыту әлеуеті);

5) ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау және жайылымдарды суландыру сипаттамалары (ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау және жайылымдарды суландыру үшін пайдаланылатын су объектілері, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі, суды алу мен сарқынды суларды бұрудың жыл ішіндегі таралуы мен серпіні, бір ауыл тұрғынына және бір малға тәуліктік су тұтыну, жайылым инфрақұрылымы нысандарын пайдалану);

6) балық шаруашылығын жүргізу және аквакультура үшін су ресурстарын пайдалану сипаттамалары (балық шаруашылығының қазіргі жай-күйі, балық аулау көлемдері, тауарлық балық өсіру, аквакультура субъектілерінің саны);

7) көлік мақсаттарында су объектілерін пайдалану сипаттамалары (кеме қатынасы жолдары мен олардың параметрлері, навигация мерзімдері, жүк тасымалдау көлемдері, кеме қатынасы шлюздерінің жай-күйі);

8) сауықтыру және рекреациялық мақсаттарда су объектілерін пайдалану сипаттамалары (су объектілерін сауықтыру және рекреациялық мақсаттарда пайдаланудың бағыттары мен құрылымы, туризм инфрақұрылымы);

9) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің сипаттамалары (шекаралары мен аудандары, шаруашылық қызмет жүргізу шарттары, су объектілері арналары бойынша экологиялық босатулар көлемдері);

10) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен олардың құрамындағы су объектілерінің сипаттамалары (шекаралары мен аудандары, құқықтық мәртебесі, рекреациялық құндылығы, қорғау режимдері, нысаналы пайдаланылуы және рұқсат етілген қызмет түрлері, су объектілерінің сандық және сапалық көрсеткіштері).

21. Су ресурстарын басқару тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін айқындау, судың зиянды әсерінің алдын алу және су шаруашылығы құрылысжайларын және гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялау мен салу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мақсатында қарастырылып отырған су шаруашылығы бассейнінің су шаруашылығы инфрақұрылымы бойынша мынадай ақпарат жиналады:

1) су қоймалары мен тоғандардың реттегіш сыйымдылықтарының жалпы сипаттамалары, өзен ағынын бөлу (қайта бөлу) жүйелері;

2) су алу құрылысжайларының сипаттамалары;

3) жерасты суларының су алымдарына қатысты сипаттамалар;

4) топтық су тартқыштардың, жайылма суару жүйелерінің, магистральдық, шаруашылықаралық және шаруашылықішілік каналдарының, коллекторлық-дренаждық жүйелердің сипаттамалары;

5) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің сипаттамалары;

6) тасқын және еріген сулардан қорғау инженерлік жүйелерінің сипаттамалары.

22. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы әлеуметтік-экономикалық аспектілерді талдау, басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлеу, су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларының ықтимал жиынтықтарын экономикалық тұрғыдан бағалау, сондай-ақ судың экономикалық өнімділігін айқындау мақсатында экономика салаларында суды пайдалану бойынша келесі ақпарат жиналады:

1) арнаулы су пайдалануға берілген рұқсаттардың сипаттамалары;

2) жергілікті өкілді және атқарушы органдардың су қорын қорғау және пайдалану, судың зиянды әсерінің алдын алу және қолдан жасалған құрғақшылықтың жолын кесу мәселелерін реттейтін шешімдері;

3) өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарының және өзге де жоспарлау құжаттарының сипаттамалары (демографиялық жағдай, көші-қон үдерістері, халықтың денсаулығы, санитария, экологиялық жай-күй, экономика мен ауыл шаруашылығы, судың зиянды әсерімен байланысты төтенше жағдайлар);

4) су қорғау іс-шараларына, су шаруашылығы құрылысжайларын және гидротехникалық құрылысжайларды салу, жөндеу және реконструкциялуға арналған бюджет қаражатының шығыстарын бағалау;

5) тариф қалыптастыру мен салықтық реттеудің қолданыстағы тетіктеріне бағалау жүргізу.

23. Республика мен оның өңірлерінің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне халық саны, жалпы өңірлік өнім, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, негізгі капиталға салынған инвестициялар, экономикада жұмыс істейтін адамдардың саны, орташа айлық номиналды жалақы, жұмыссыздық деңгейі жатады.

24. Белгілі бір су шаруашылығы бассейнінің ерекшелігіне байланысты қосымша әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер қолданылады.

25. Бірінші кезеңді іске асыру барысында анықталған қажетті ақпарат бойынша олқылықтар су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларының құрамында мониторингті дамыту мен ғылыми-зерттеу және іздестіру жұмыстары бағдарламаларын айқындау кезінде ескеріледі.

26. Бірінші кезеңнің зерттеу және талдамалық әзірлемелерінің нәтижелері "Қазіргі жай-күйді талдау және бекітілетін негізгі ережелер" қысқаша талдамалық баяндамасында қалыптастырылады, онда жалпы сипаттама, су ресурстарын басқару мәселелері және оларды шешу жолдары сипатталады.

**2-параграф. Екінші кезең. Су ресурстарының бар-жоғы мен оларды пайдалану бөлігіндегі проблемалар мен қатерлерді маңыздылығы дәрежесі бойынша анықтау және жіктеу, сондай-ақ судың зиянды әсері қатерлерін болжау және бағалау**

27. Бірінші кезеңді орындау барысында жиналған ақпаратты талдау негізінде:

1) қарастырылып отырған су шаруашылығы бассейніндегі су объектілеріне түсетін антропогендік әсердің көлемі айқындалады және олардың жай-күйі бағаланады;

2) әлеуметтік-экономикалық жағдайға теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін факторлар, оның ішінде трансшекаралық факторлар анықталады (өмір сүру сапасының төмендеуі, аурушаңдықтың артуы, ауызсумен жабдықтауға және экономиканың салаларына арналған су ресурстары тапшылығы);

3) су объектілерінің экологиялық жай-күйі мен су қамтамасыз етілуінің қазіргі және есептік деңгейлеріндегі проблемалары айқындалады, соның ішінде трансшекаралық, ақпараттық, технологиялық, басқарушылық және институционалдық сипаттағы мәселелер;

4) судың зиянды әсері мәселелері айқындалады, оның ішінде ақпараттық, трансшекаралық, технологиялық, басқарушылық сипаттағы мәселелер, сондай-ақ мұндай әсердің қазіргі және есептік деңгейлердегі түрлері (елді мекендердің аумақтарын, өнеркәсіптік объектілерді, ауыл шаруашылығы алқаптарын су басу және су тасу, су объектілерінің, су шаруашылығы құрылысжайлар және гидротехникалық құрылысжайлар жағалауларының бұзылуы, жерлердің батпақтануы мен сортаңдануы, топырақ эрозиясы, көшкіндер мен сел тасқындарының пайда болуы).

Су объектілерінің жай-күйін бағалау кезінде су шаруашылығы баланстарының есептеу нәтижелері, сондай-ақ су объектілеріне ластаушы заттардың, оның ішінде трансшекаралық ластану есебінен түсуі туралы ақпарат пайдаланылады.

28. Бір өзен алабының негізгі өзеніндегі тұйықтау бекеті екінші өзен алабы үшін кіріс бекеті болып табылатын жағдайларда, осы бекет бойынша әрбір өзен алабы үшін барлық есептік сипаттамалар толықтай бірдей деп қабылданады.

29. Судың зиянды әсері тәуекелін бағалау – су тасқыны туындау ықтималдығы мен қауіпті аймақта су басқан кезде жойылатын барлық объектілердің жиынтық құнының көбейтіндісі ретінде айқындалады.

30. Айқындалған мәселелер сандық параметрлер мен туындау себептерін көрсете отырып мынадай топтарға біріктіріледі:

- 1) су объектілерінің және олардың бассейндерінің (экологиялық жүйелердің) экологиялық жай-күйі мәселелері;
- 2) халықты және экономиканың салаларын сумен қамтамасыз ету мәселелері;
- 3) судың зиянды әсері мен жасанды құрғақшылықтар мәселелері;
- 4) ұйымдастырушылық-басқарушылық сипаттағы мәселелер.

31. Бас және бассейндік жоспарлардың барлық іс-шаралары бағытталған проблемаларға кешенді салыстырмалы бағалау жүргізіледі, кейін бұл проблемалар экологиялық және әлеуметтік-экономикалық өлшемшарттар негізінде шешу басымдығына қарай сараланады.

32. Екінші кезеңнің зерттеу және талдамалық әзірлемелерінің нәтижелері "Негізгі" қысқаша баяндамасында қалыптастырылады.

**3-параграф. Үшінші кезең. Негізгі мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторларды әзірлеу және оларды жоспарланып отырған іске асыру кезеңінде қол жеткізу мүмкіндігін бағалау**

33. Бас және бассейндік жоспарларды әзірлеудің үшінші кезеңінде су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларын іске асырудың негізгі мақсаттары мен міндеттері қалыптасады, жоспарланған іске асыру кезеңінде оларға қол жеткізу мүмкіндігін бағалай отырып, нысаналы индикаторлар айқындалады.

34. Мақсаттар әрбір мәселе бойынша (оның басымдылығына сәйкес) белгіленеді және кезең-кезеңімен бақылана отырып қол жеткізу мүмкіндігін көздейтін өлшенетін сандық көрсеткіштер түрінде қалыптастырылады. Мақсаттар шынайы етіп белгіленеді және оларды іске асыру үшін қажетті ресурстармен теңгерімділігі қамтамасыз етіледі.

35. Нысаналы индикаторлар жүйесі мынадай бөліктер бойынша әзірленеді:

- 1) су объектілерінің жай-күйінің сандық және сапалық көрсеткіштерін белгілеу;
- 2) су объектілері мен су ресурстарын мониторингілеу жүйесін дамыту;
- 3) экожүйелердің жай-күйін сақтау және жақсарту үшін экологиялық ағынмен қамтамасыз ету;
- 4) халықты және экономиканың салаларын сумен қамтамасыз ету;
- 5) қолда бар ең озық технологияларды қолдану негізінде жерүсті және жерасты су ресурстарын үнемді әрі кешенді пайдалану;
- 6) экономиканың салаларында су ресурстарының қайтарымыз шығындарын және тазартылмаған ағынды сулардың көлемін қысқарту;
- 7) су шаруашылығы құрылысжайларын және гидротехникалық құрылысжайларды дамыту.

36. Әзірлеудің үшінші кезеңінің қорытындылары "Су шаруашылығы бассейнінің нысаналы жай-күйі, негізгі мақсаттар мен оған қол жеткізудің нысаналы индикаторлары" қысқаша баяндамасында қалыптастырылады.

**4-параграф. Төртінші кезең. Белгіленген мақсаттар мен міндеттерге кезең-кезеңімен қол жеткізу үшін су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларының жиынтығын (нұсқаларын) әзірлеу**

37. Төртінші кезеңді орындау шеңберінде қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің ықтимал (баламалы) жолдарын қамтитын іс-шаралар бағдарламаларының бірнеше жиынтығы (нұсқасы) әзірленеді.

38. Әрбір іс-шаралар жиынтығы (нұсқасы) бойынша мыналар ескеріледі:

1) қарастырылып отырған су шаруашылығы бассейніндегі барлық су объектілері үшін экологиялық ағын;

2) қарастырылып отырған су шаруашылығы бассейнінің су шаруашылығы учаскелері бойынша су пайдаланудың лимиттері;

3) белгілі бір су шаруашылығы бассейніне кіретін өңірлер бойынша су пайдаланудың лимиттері;

39. Су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларының әлеуетті жиынтығы (нұсқасы) келесі бағыттар бойынша іс-шараларды қамтиды:

1) іргелі (базистік) іс-шаралар;

2) институционалдық іс-шаралар;

3) жедел басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар;

4) су шаруашылығы құрылысжайларын және гидротехникалық құрылысжайларды салу және реконструкциялау жөніндегі іс-шаралар.

40. Іргелі (базистік) іс-шаралар құрамына мынадай бағыттар кіреді:

1) су объектілерін түрі мен жай-күйіне қарай сәйкестендіру және жіктеу жұмыстарын жүргізу;

2) су ресурстары мен оларды пайдаланудың есебін дамыту;

3) су объектілерін зерттеу, қорғау және пайдалану саласында ғылыми-әдістемелік базаны дамыту, оның ішінде тиімді су пайдалануды ынталандырудың экономикалық тетіктерін әзірлеу;

4) өзен бассейніндегі мемлекеттік су объектілерін мониторингтеу жүйесін кешенді дамыту, су объектілерінің (жерүсті және жерасты) жай-күйін бақылау желісін қалпына келтіру және дамыту;

5) жерүсті мониторинг жүйесімен өзара байланыста қашықтықтан мониторинг жүргізу жүйесін дамыту;

6) имитациялық математикалық модельдерді әзірлеу;

7) су тасқыны кезеңінде су басу қаупі бар аймақтарды айқындау, оларды жіктеу және картографиялық бейнелеу;

8) су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін әзірлеу және дамыту, оған әзірленген имитациялық математикалық модельдер мен қашықтықтан мониторинг жүргізу деректер базаларын енгізе отырып;

9) су шаруашылығы саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту.

41. Институционалдық іс-шаралар құрамына мынадай бағыттар кіреді:

1) су пайдаланудың және тазартылған ағынды суларды ағызудың лимиттерін сақтау бойынша іс-шаралар;

2) су шаруашылығы кешенінің жұмыс істеуін, су пайдалануды реттеуді, сондай-ақ ғимараттар мен құрылысжайларды жобалау мен салуды қамтитын нормативтік-техникалық және әдістемелік базаны дамыту жөніндегі іс-шаралар;

3) судың зиянды әсерінің алдын алу және оны жою, сондай-ақ құрғақшылықтың теріс салдарларына бейімделу және жасанды құрғақшылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар;

4) жерүсті және жерасты су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер мен салықтардың мөлшерін айқындау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу.

42. Су объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі жедел басқаруды жетілдіру іс-шараларының құрамына мынадай бағыттар кіреді:

1) автоматтандырылған басқару жүйелерін, сондай-ақ су объектілерінің жай-күйін модельдеу және болжау құралдарын дамыту;

2) су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін дамытуға жағдай жасау;

3) мемлекеттік су кадастрын жүргізу және дамыту жүйесін қамтамасыз ету.

43. Су шаруашылығы құрылысжайларын және гидротехникалық құрылысжайларды салу және реконструкциялау жөніндегі іс-шаралар құрамына мыналар кіреді:

1) су шаруашылығы құрылысжайларын және гидротехникалық құрылысжайларды салу және реконструкциялау;

2) су қоймаларының жұмыс режимдерін қайта қарау және жаңа сыйымдылықтарды салу;

3) ағын суларды бассейнаралық қайта бөлу жүйелерін салу және реконструкциялау;

4) тазарту құрылысжайларын салу және реконструкциялау;

5) жерүсті су объектілерін санациялау жұмыстарын жүргізу;

6) тасқын және еріген сулардан қорғау жөніндегі инженерлік жүйелерді салу және реконструкциялау.

44. Жоспар жобасына енгізілетін әрбір іс-шара бойынша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) іс-шара іске асырылатын су шаруашылығы учаскесі және су объектісі;

2) іс-шара бағытталған басым мәселелер мен нысаналы индикаторлар;

3) іс-шараны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері;

4) іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмыстардың физикалық көлемдері;

5) іс-шараларды іске асыруға қажетті қаржы шығындарының ірілендірілген бағалауы;

6) іс-шараны қаржыландырудың болжамды көздері;

7) іс-шараны іске асыру нәтижесінде күтілетін әсерлер (экономикалық (қаржылық пайда), экологиялық, әлеуметтік).

45. Іс-шараларды іске асыру үшін қажетті болжамды қаржы ресурстарының көлемін бағалау су шаруашылығы және су қорғау іс-шаралары құнының ірілендірілген көрсеткіштері, сондай-ақ құрылыс саласындағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттар негізінде түрлі жұмыс түрлерін орындауға арналған ірілендірілген бағалар негізінде жүзеге асырылады. Бұл нормативтік құжаттар Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 223-НҚ бұйрығымен бекітілген.

**5-параграф. Бесінші кезең. Әзірленген су шаруашылығы және су қорғау іс-шаралары жиынтықтарының (нұсқаларының) әлеуметтік-экономикалық және экологиялық бағалануы**

46. Бесінші кезеңде төртінші кезеңде айқындалған су шаруашылығы және су қорғау іс-шаралары жиынтықтарының (нұсқаларының) әлеуметтік-экономикалық және экологиялық бағалауы жүргізіледі, оның ішінде қаржылық шығындарды, су ресурстарын үнемдеу көлемдерін, жол берілмеген залалдардың мөлшерін, су шаруашылығы бассейніндегі өмір сүру сапасының өзгерісін, әрбір нұсқаның экологиялық және әлеуметтік жағынан қолайлы болуын бағалау жүзеге асырылады.

47. Су шаруашылығы және су қорғау іс-шаралары жиынтықтарының (нұсқаларының) кешенді (интегралдық) бағалауы мынадай әдістемелер негізінде жүргізіледі:

1) пайда мен шығындарды талдау әдісі – бұл әдіс қаржылық-экономикалық аспектілерді бағалауға мүмкіндік береді: таза келтірілген құн, ішкі кірістілік нормасы және өзге де экономикалық көрсеткіштер есептеледі. Әдіс экожүйелерді қалпына келтіру немесе әлеуметтік жағдайларды жақсарту сияқты экологиялық және әлеуметтік факторларды арнайы коэффициенттер немесе қосымша шығындар арқылы есепке алады;

2) көпкритерийлі таңдау талдауы – бұл әдіс бірнеше критерийді бір мезгілде ескеруге мүмкіндік береді және экономикалық көрсеткіштерге қоса әлеуметтік және экологиялық аспектілер қосылған кезде интегралдық бағалау үшін қолданылады. Бұл әдісте әрбір факторға салмақ (маңыздылық деңгейі) беріледі, содан кейін әрбір нұсқа үшін жиынтық интегралдық көрсеткіш есептеледі. Әдіс басым іс-шараларды таңдау үшін пайдаланылады және қай жобалар су экожүйелеріне ең аз зиян келтіре отырып, ең көп пайда әкелетінін анықтауға көмектеседі;

3) өмірлік циклді талдау әдісі – бұл әдіс іс-шараны іске асырудың барлық сатыларында (ресурстарды өндіруден бастап оларды кәдеге жаратқанға дейін) экологиялық салдарын бағалау үшін қолданылады. Әдіс жоба бойынша толық экологиялық ізді, соның ішінде парниктік газдар шығарындыларын, су мен энергияны пайдалануды бағалауға мүмкіндік береді. Бағдарлама экологиялық негізделген кешенді бағалауды қамтуы мүмкін. Бұл әдіс инфрақұрылымдық шешімдерді (мысалы, бөгеттер мен каналдар салу) бағалауда, олардың өзендердің гидрологиялық цикліне және экологиялық жай-күйіне ұзақ мерзімді әсерін анықтау үшін аса маңызды;

4) экологиялық және әлеуметтік тұрақтылық әдістері – бұл әдістер халықтың денсаулығына, өмір сүру ортасының сапасына және биологиялық әртүрлілікке әсер ету сияқты әлеуметтік-экологиялық тәуекелдерді бағалауды қамтиды. Тұрақты дамудың индикаторлары (экологиялық сыйымдылық, әлеуметтік тұрақтылық индексі) пайдаланылады және жобаның нақты жағдайларына бейімделуі мүмкін;

5) экологиялық-экономикалық модельдеу – бұл әдіс табиғи ресурстардың құнын, мысалы, экожүйелік қызметтердің құнын және табиғи капиталды жоғалтудан келетін ықтимал залалды бағалауға бағытталған. Нәтижесінде табиғи ресурстардың құнын түсінуге мүмкіндік беретін интегралдық бағалау қалыптасады. Әдіс су ресурстарының ақшалай көріністегі құнын ескеруге мүмкіндік береді, бұл экологиялық және экономикалық мақсаттарды біріктіруге көмектесіп, іс-шараларды қаржылық тұрғыдан негізді етеді.

48. Іс-шаралар бағдарламасының нұсқаларын кешенді бағалау кезінде кемінде екі әдісті қолдану қажет. Нақты әдістерді таңдау су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларының ерекшеліктеріне байланысты айқындалады.

49. Әрбір іс-шаралар бағдарламасы нұсқасын кешенді бағалау барысында олардың іске асыру мерзімінде жүзеге асырылуының шынайылығын негіздеуге ерекше назар аударылады. Бұл бағалау қарастырылып отырған су шаруашылығы бассейнінің аумағындағы қолда бар су ресурстары, қаржылық ресурстар, өндірістік, зияткерлік, әлеуметтік-мәдени және кадрлық әлеует, сондай-ақ экономиканың түрлі секторлары үшін қолжетімді инновациялық технологиялар негізінде жүргізіледі.

50. Бассейндік жоспарларды әзірлеудің төртінші және бесінші кезеңдерінің нәтижелері "Өзен бассейнінің нысаналы жай-күйіне қол жеткізуге арналған іс-шаралар бағдарламаларының нұсқалары, олардың негізгі экологиялық, техникалық-экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштері, салыстырмалы кешенді бағалау" атты қысқаша жиынтық есепте және оған қосымшаларда (іс-шаралар бағдарламаларының баламалы нұсқаларының санына қарай) жинақталады.

**6-параграф. Алтыншы кезең. Су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларының түпкілікті бағдарламасын айқындау және оларды іске асыру кезеңдерін белгілеу**

51. Алтыншы кезеңде бас және бассейндік жоспарларды іске асыру үшін су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларының негізгі нұсқасы (жиынтығы) (бұдан әрі – іс-шаралар бағдарламасы) таңдалады.

52. Іс-шаралар бағдарламасын дайындау кезінде:

- 1) негізгі ережелер қалыптастырылады;
- 2) іске асыру кезеңдері және оларға сәйкес келетін нысаналы индикаторлар бөлініп көрсетіледі;
- 3) су пайдаланудың және тазартылған сарқынды суларды ағызудың нақтыланған лимиттері айқындалады;
- 4) іс-шараларды іске асыруға қажетті қаржы шығындары нақтыланады;
- 5) іс-шараларды іске асырудың қоршаған ортаға ықтимал салдарларының жалпы бағасы әзірленеді.

53. Іс-шаралар бағдарламасында әзірленетін белгіленген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу индикаторларының жүйесі су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларын іске асыру нәтижелерінің әсері байқалатын уақыттың объективті кідірісін ескереді.

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және  
иригация министрі  
2025 жылғы 23 шілдедегі  
№ 180-НҚ Бұйрыққа  
2-қосымша

### **Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19-1/277 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11524 болып тіркелген).

2. "Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19-1/277 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 19-1/1052 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12609 болып тіркелген).

3. "Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19-1/277 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және иригация министрінің 2024 жылғы 27 тамыздағы № 134-НҚ

бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34990 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК